

І ТУЫ

ИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

июль Жексенбі

жеке саны 20 тыйын,
Шығуына 33 жыл

Қаламыздың өнеркәсібі, коммуналдық шаруашылығы мен мәдениеті бұдан былай да өркендей беретіні сөзсіз. Бұған большевиктік партия мен совет үкметінің күнбе-күнгі қамқорлығы мен көмегі және еңбекшілеріміздің саяси және өндірістік белсенділігі кепіл.

берейік


шылығы да мүлде ігін атап өтуіміз кер-

—сөз жоқ, қала ең- мен үкметіміздің күн- ғы мен көмегі арқа- зор табыстары болып қол жеткенмен тыну— сат қылық. Сондықтан ібі мен коммуналдық өдениетін өркендете алай да қажырлы кү- ек.

ның өнеркәсіп орын- артельдерінің 1952 жоспарларын мерзімі- және артығымен орын- ету қажет. Бұл үшін өнеркәсіп орындарының, программаларды орын- Киров атындағы за- фабрикасы мен кәсіпші- коллективтері арасында ты кеңінен өрістетуге қажет.

і, совет ұйымдарының, ы басшыларының бұл ған ең негізгі міндет- орында социалистік ше өрістетуге, озаттардың

Теміржолшылар күні қарсаңында



Степан Алексеевич Наумов темір жол транспортында 40 жылдан бері жұмыс істейді. Оның қазіргі атқаратын қызметі— Петропавл паровоз депосында локомотивтердің жол жүру жылдамдықтарын көрсететін аспапты жөндеу жөніндегі слесарь Степан Алексеевич теміржолшылар мерекесіне бұл күндері лайықты тартулар әзірлеуде.

СУРЕТТЕ: Цех бригадирі П. Саханенко және (сол жақта) слесарь С. Наумов лайып аспапты байқап тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Тығыз ынтымақтасу нәтижесі

Мал шаруашылығын өркендетіп, өнімділігін арттыра берейік!

★ ★ ★ Малды колхозда

Мичурин атындағы колхоздың мүшелері мал шаруашылығын өркендетуде қажырлы еңбек етіп, зор табыстарға жетті. Мал басы өсіп, оның өнімділігі едәуір арттырылды.

Мұнда қазірдің өзінде қоғамдық мал өсіру жөніндегі жоспар 5 түзік бойынша толық орындалды. Мұндай табыстың сыры —мұнда мал қыстату үлгілі өткізілді, осының нәтижесінде мал қыстан күйлі және шығынсыз шығарылды. Төл алу науқаны да ойдағыдай өткізілді. Мал саны төл есебінен көбейді.

Табыстың ендігі бір сыры —мал шаруашылығында тәжірибелі колхозшылар жұмыс істеп, олардың әрқайсысы өнімді еңбек етіп жүр. Мәселен, сауыншы Смыкова жолдас 12 сыйырдан 12 бұзау алып, оларды шығынсыз өсірді және өткен 6 ай ішінде әрбір сауын сыйырдан 900 литрден сүт сауды.

Колхоздың аға шопаны Г. Тельман жолдас 100 саулықтан 110 қозы алды. Валецкая жолдасының да табысы аз емес. Ол қарамағындағы 25 бұзауды шығынсыз өсіріп келеді.

Колхозда сүт тасыру жөніндегі жоспар ойдағыдай орындалуда.

Мал басының өсуіне байланысты колхозда жаңадан мал қоралары салынып жатыр. Ірі қара мал қорасы қазірдің өзінде салынып болуға жуық. Бұрынғы мал қораларын жөндеу де қызу қолға алынды. Колхозшылар мал қораларын салу жағдайында жөндеу жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауға міндеттеніп отыр.

Мал фермаларындағы еңбекті көп пайдалануға қажетті жұмыстар механикаландырылуда. Қазір жел двигателі арнатылып жатыр.

Мал азығының берік қорын жасауға көздеп, колхозшылар шөп шабу жұмысын қызу қарқынмен жүргізіп келеді. Шөп былған шөп жыйналып, маяға салыну және мал қоралары жанына тасылуда.

Колхоз мүшелері Сталин жолдас жазған хатта алған міндеттемелерді міндет орындау жолындағы социалистік жарысты пәрменінше өрістетіп, мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруда үздік табыстарға жетпек.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Конюхов ауданы.



М. В. Ломоносов атындағы Москва университетінің зәулім үйінің алдында үлкен сквер жасалынып, неше түрлі гүлдер егілуде, өсімдіктер отырғызылуда.
СУРЕТТЕ: Гүлдер мен шамақты өсімдіктерді отырғызып жүрген бақша-шылар бригадасы.

(СОТА-ның фотохроникасы).

кейін Баранцев жолдас есіккел және Макушино учасқоктерінің диспетчерлерінен поездардың станцияға келуі, оларға тиелген жүк мөлшері жөнінде мәлімет алады. Осыған сәйкес өзінің жұмыс жоспарын құрады, қандай поездарды жылдамдатылған әдіспен өңдеуге болатындығын белгілеп, бұл жөнінде маневр диспетчерлерімен келіседі.

Сонымен қатар, жолда келе жатқан поездың машинисімен составтың стап-

мын тездету ісінде көрнекті табыстарға жетуін және уақытты ұқыпты пайдалану есебінен 20 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеуіне мүмкіншілік берді.

Базіргі уақытта теміржолшылар күні қарсаңындағы социалистік жарыстың озаты Баранцев жолдас жаңа табыстарға жету үшін күресуде.

В. ВАСИЛЬЕВА,

Петропавл станциясының бас инженері.

он шінде мен бірге,

II. Қана ттябрь ауда Осы мерзім бір жылқы жыл сайын рін келеді. Ол өткер



Советтік Қазақ

Қазақстан мен Өзбекстан мақташыларының жарысы

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Шымкентте мақта егетін колхоздардың председателдерінің, аудандық партия комитеттерінің секретарьлары мен аудандық атқару комитеттері председателдерінің облыстық кеңесі болды. Кеңеске қазақстандықтармен жарысушы Өзбекстан мақташыларының бригадасы катысты. Кеңесте өзбек мақташылары бригадасының басшысы Өзбек ССР Министрлер Советінің председателі Қошқаров жолдастың Қазақстан мақташыларымен социалистік шартының орындалуын тексерудің қорытындылары туралы баяндамасы тыңдалды және талқыланды.

Өзбекстан мақташылары Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін 122 колхозында болып қайтты, 450 бригаданың жұмысымен танысты. Қонақтар қазақстандықтарға туысқан республиканың озат мақташыларының жұмыс әдістері туралы айтты, жоғары өнім өсіру жөнінде бағалы кеңестер берді.

Кеңеске ССР Одағы мақта шаруашылығы министрінің орынбасары Әбдірахманов жолдас және Қазақ ССР мақта шаруашылығының министрі Қыстауов жолдас катысты.

Қой шаруашылығы жөніндегі респу

10 июльде, Алматыда қой шаруашылығы жөніндегі 4 күнге созылған республикааралық кеңес өзінің жұмысын аяқтады.

Кеңес ССРО ауыл шаруашылығы министрлігінің коллегия мүшесі, қой шаруашылығы басқармасының бастығы Есаулов жолдастың, ССРО-да қой шаруашылығының жайы және оны оған әрі өркендету шаралары туралы, Қазақ ССР ауыл шаруашылығы Министрі Мәмбетов жолдастың және Қырғыз ССР ауыл шаруашылығы Министрінің орынбасары Құлымбаев жолдастың Қазақстанның, Қырғызстанның колхоздарында қой шаруашылығының жайы және 1952 жылы қой шаруашылығының өнімділігін арттыру, оны өркендету жоспарын орындау шаралары туралы, Бүкілодақтық мал шаруашылығы институтының аға ғылыми қызметкері Сталиндік сыйлықтың лауреаты Литовченко жолдастың қой тұқымдарын жетілдіру әдістері туралы баяндамасы тыңдалды және талқыланды. Кеңестің орынбасары Сталиндік сыйлықтың

лауреаты С ғыз ССР с шаруашылы Чашкин жо стан совхо сапаларын гің арттыру ралы және ды.

Жарыссөз адам сөз се

Кеңестің лер Советін ков жолдас

Кеңес Қа дары мен с лығының ту ру, оның өн белгіледі.

Кеңестің Орталық Ко Шаяхметов, тысты.

ҚАЗАҚ ЖЫЛҚЫШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛЫ ҚҰР

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Кеше Құрмет Белгісі орденді Ембінің № 52 жылқы заводы «Волгостройлес» адресіне 200 жылқы жө-

нелтті. Бұл құрылысында даланылады.

АЛЫНҒАНЫНА — 200 ЖЫЛ

Тік Петропавл

артиясының уашылығы да мейлінше өркендеді. Жұмысшылар мен қызметшілер электр және радио орнатылған көп пәтерлі, бірнеше бөлмелі үйлерге орналасты. Қалада жыл сайын жүздеген тұрғын үйлер салынады.

Үстіміздегі 1952 жылдың өзінде қаланың коммуналдық шаруашылығын өркендету ісіне мемлекетіміз 5 миллион сомдай қаржы босатты. Бұл — партия мен үкметіміздің совет адамдарының мәдени және тұрмыстық қажетін өтеуге көрсетіп отырған қамқорлықтарының айқын сипаттамаларының бірі болып табылады.

Қаламыздың мәдениеті де мейлінше өркендеді. Қалада ондаған медициналық мекемелер, оқытушылар институты, 13 училище мен техникум, 9 орта мектеп, 14 жетіжылдық мектеп, 15 бастауыш мектеп және 90 клуб пен кітапхана, 4 парк, театр, цирк, бірнеше кинотеатр, бірнеше стадиондар мен спорт алаңдары, ипподром жұмыс істейді.

Қаладағы барлық үлкенді-кішілі өнеркәсіп орындары электр қуатымен жұмыс істейді. Олар отандық озат техникамен жабдықталған.

Біз өзіміздің қаламыздың таңдаулы адамдарын — токарь Печоринді, дәрігер Соколованы, оқытушы Владимирцеваны, өндіріс бригадирі Абайлиновты, паровоз машинашысы Слюнжоны және басқа ондаған, жүздеген озат жұмысшылар мен қызметшілерді мақтан етеміз.

Совет адамдарының, оның ішінде біздің қаламыздың еңбекшілерінің де мәдени тілегі барған сайын арта түсіп отыр. Қаламыздың шаруашылығының барлық салаларының күн сайын дамып түсетіндігі сөзсіз. Бірақ, қаланың партия, совет ұйымдары, өнеркәсіп орындарының басшылары қала халқының өскелең талабын

қамқорлық жасап, денсаулық сақтау ісіне миллиондаған сом қаржы бөлініп келеді. Текқана біздің қаламыз бойынша 1952 жылы денсаулық сақтау ісіне мемлекеттік бюджеттен шығарылып отырған қаржы мөлшері — 5 миллион сомдай.

Ал, революциядан бұрын қанаушылар билеген Петропавлда мұндай жағдайдың бірде-бірі болмаған, патша әкімдері еңбекшілердің денсаулығын сақтау ісіне мүлде көңіл бөлмеген.

Совет өкметі орнатаннан кейін, әсіресе, сталиндік бесжылдықтар кезінде қала бейнесі бүтіндей өзгеріп, қала еңбекшілерінің әл-ауқат және мәдениет дәрежесі мейлінше жақсарды.

Біз, совет дәрігерлері адамды, адамдарымыздың денсаулығын құндаймыз. Біз Ұлы Отанмыздың азаматтарына бейбітшілік ісін қажырлы еңбегімен жақтап, коммунизмнің жеңісін қамтамасыз етушілер деп қараймыз, оларды мақтан етеміз.

Біз совет адамдарының денсаулығын сақтаймыз

Салынғанына 200 жыл толып отырған Петропавл қаласында 7 емхана, бірнеше диспансер, жас балалардың денсаулығын үнемі бақылап отыратын 3 балалар консультациясы, 7 балалар яслиі, 110 адамға лайықталған әйелдер босанатын үйлер жұмыс істейді. Мұнымен қатар, фабрикалар мен заводтарда 13 дәрігерлік-денсаулық сақтау пункттері бар.

Партиямыз бен үкметіміз еңбекшілердің денсаулығын сақтау ісіне үнемі қамқорлық жасап, денсаулық сақтау ісіне миллиондаған сом қаржы бөлініп келеді. Текқана біздің қаламыз бойынша 1952 жылы денсаулық сақтау ісіне мемлекеттік бюджеттен шығарылып отырған қаржы мөлшері — 5 миллион сомдай.

Ал, революциядан бұрын қанаушылар билеген Петропавлда мұндай жағдайдың бірде-бірі болмаған, патша әкімдері еңбекшілердің денсаулығын сақтау ісіне мүлде көңіл бөлмеген.

Совет өкметі орнатаннан кейін, әсіресе, сталиндік бесжылдықтар кезінде қала бейнесі бүтіндей өзгеріп, қала еңбекшілерінің әл-ауқат және мәдениет дәрежесі мейлінше жақсарды.

Біз, совет дәрігерлері адамды, адамдарымыздың денсаулығын құндаймыз. Біз Ұлы Отанмыздың азаматтарына бейбітшілік ісін қажырлы еңбегімен жақтап, коммунизмнің жеңісін қамтамасыз етушілер деп қараймыз, оларды мақтан етеміз.

Р. САФИМОВА,

Совет емханасының дәрігері.

Мәдениет орталығы

Петропавл станциясының теміржолшылары өзінің Р. Н. Лени...

Біртұтас Германия үшін, сепараттық соғыс доғоворына қарсы

Немістің бірлік, бейбітшілік пен бостандық жолындағы бірігу қозғалысы президиумының мүшесі Маасемен әңгіме

БЕРЛИН, (СОТА). АДН агенттігі Дюссельдорфтан мынаны хабарлады:

Немістің бірлік, бейбітшілік пен бостандық жолындағы бірігу қозғалысы президиумының мүшесі Дюссельдорфтың қоғам қайраткері доктор Фридрих Маасе баспасөздің өкілімен әңгімесінде былай деді:

Сұрақ: Батыс Германия халқының әділетті бітім доғоворын жасау жолындағы, «жалпы доғоворды» жүзеге асыруға қарсы күресінде немістің бірлік, бейбітшілік пен бостандық жолындағы бірігу қозғалысы өзінің алдында қандай міндеттер қояды?

Жауап: 1952 жылы 29 июньде Дортмундта Батыс Германияның кәсіпорындарынан, ұйымдары мен бірлестіктерінен жыйналған 200-ден астам өкілдер мен делегаттардың немістің бірлік, бейбітшілік пен бостандық жолындағы бірігу қозғалысын құруы — доктор Аденауэрдің «жалпы доғоворға» және оған қосымша келісімдерге қол қоюына байланысты, федерациялық парламентке бұл доғоворларды бекіту туралы заңдар тапсыруына байланысты — Батыс Германияның барлық бейбітшілік сүйгіш және патриоттық күштерін біріктіру қажеттігіне сай келеді.

Соңғы айларда немістердің өзара түсінісуі және әділетті бітім доғоворын жасау жолындағы конгрестің президиумы, сол сияқты басқа да ұйымдар, мәселен, «Европада бейбітшілікті қорғау қоғамы» және профессор Ноактың Наугеймдегі үйірмесі Батыс Германияның азаматтарынан көптеген хаттар алды, бұл хаттарда Батыс Германияның бейбітшілік сүйгіш және патриот күштерін біріктіру және олардың бірлесіп қыймыл жасауы жөнінде бұрынғыдан да батыл талаптар қойылған.

Сонымен, 1952 жылы 29 июньде Дорт-

дуруға қарсы қыймыл жасаушы дармштаттық тобы, «босқындардың батысгерманиялық конгресі», соғыстан зардап шеккен адамдардың ұйымы, «немістердің Батыс Германиядағы бейбітшілік жолындағы қозғалысы», «неміс солдаттарының басшы үйірмесі», Гамбургтің пәтер алушыларының ең үлкен ұйымы, сонымен қатар Шлезвиг балықшыларының өте ірі ұйымы сияқты үлкен ұйымдардың толық праволы өкілдері кіреді. «Европада бейбітшілікті қорғау қоғамының» жергілікті ұйымдарының өкілдерімен де бірлесіп қыймыл жасау туралы келісімге келінді. Бұдан соң пастор Нимеллерді жақтаушылар да толық бірлесіп іс істеуге әзір екенін білдірді.

Немістің бірлік, бейбітшілік пен бостандық жолындағы бірігу қозғалысы президиумының председателдігіне бұрынғы рейхсканцлер Иозеф Вирт сайланды.

Доктор Аденауэрдің «жалпы доғоворға» және оған қосымша келісімдерге қол қоюының салдарынан біздің халқымыз ұшыраған күйзеліс жағдайды жою мақсатын көздеген немістің бірігу қозғалысының міндеті — жалпыгерманиялық сайлау және Германияның бірлігін қалпына келтіру туралы мәселеде Батыс пен Шығыстағы немістердің бірігіп тілек білдіруін қамтамасыз ету болып табылады. Германияда бақылау міндетін атқарып отырған төрт мемлекеттің мұндай тілек білдіруді елемей отыра алмайтындығына мен сенемін. Бұл сағатта неміс халқы «жалпы доғоворды» бекітуге қарсыласу үшін және жастарды жалдамалылар ретінде әскер қызметіне алуға қарсыласу үшін, біртұтас, еркін, демократиялық Германия құру үшін өз тағдырын өз қолына алуға тиіс.

Сұрақ: Сіздің пікіріңізше, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Берлиндегі төтенше сессиясының Батыс Германия

ЖАРЫСТАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ҚАЖЫРЛЫҚПЕН ОРЫНДАЛСЫН

Бүкіл халықтық жарыс бұқараның еңбек өрлеуі нәтижесінде, партиямыздың еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жолында орасан зор жұмыс жүргізуі нәтижесінде туып ұлғайды. Социалистік жарыс туралы лениндік- сталиндік идеялар совет патриоттарын жігерлендіріп, үйікті Отанымыздың даңқы үшін жан-бұрлықпен еңбек етуге, өндірісті үздіксіз жетілдіре беруге жұмылдыруда. Партия социалистік жарысты күшейте беруге амқорлық жасауда. Партия бұқараның творчестволық инициативасынан туатын жаңаның, озаттықтың бәрін мейлінше қолдап, таратып отырады, мүлдем бірге жарысқа басшылық ету ісіндегі формальдылыққа, бюрократтыққа, ұманшылыққа және науқаншылыққа қарсы күрес жүргізеді.

«Социалистік жарысты, — деп үйретеді Сталин жолдас, — еңсе ісі деп қарауға болмайды. Социалистік жарыс миллион еңбекшілердің творчестволық басамасына сүйенетін өзара сынның — бұқараның іскерлік революциялық өзара сынның белгісі болып табылады».

Партия мен үкмет өнеркәсіптің, транспорттың, ауыл шаруашылығының және ұрылыстың барлық салалары үшін социалистік жарыстың кәзіргі кезеңдегі басты міндеттерін белгіледі, жергілікті партия, кәсіподақ және шаруашылық ұйымдарынан жарысқа басшылықты жақсартуды талап етті. Еліміздің халық шаруашылығын онан сайын өркендету үрдісінде бұл нұсқаулардың орасан зор маңызы бар.

Партия мен үкметтің нұсқауларын

орындай отырып, жергілікті партия, совет, шаруашылық және кәсіподақ ұйымдары жарысқа басшылықты жақсартуда. Жарысқа қатысушылар тек санмен есептелетін нәтижелерге қанағаттанбайды, олар жұмыстың сапасын мейлінше арттыра беру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы ішкі қорларды дұрыс пайдалануға барған сайын көп күш жұмсауда.

Жүзденен, мыңдаған өнеркәсіп орындары жарты жылдық жоспарларын барлық жағынан мезгілінен бұрын орындады, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік бағасын кемітті. Колхоздар, машина-трактор станциялары, совхоздар барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу үшін, егін жыйнауға және астық дайындауға үлгілі әзірленіп, оны үлгілі өткізу үшін қажырлылықпен күресуде. Коммунизмнің ұлы құрылыстарына қатысушылар өздерінің міндеттемелерін асқан жігермен орындауда.

Бұқараның жарысын ұйымдастыру — партия орындарының аса маңызды міндеттерінің бірі, бүкіл партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың бір саласы. Соңғы кезде, БК(б)П Орталық Комитетінің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, жергілікті партия ұйымдары социалистік жарыс мәселелеріне, алынған міндеттемелердің орындалуын тексеру мәселелеріне көп көңіл бөле бастады. Бұл мәселелер партия активінің жыйналыстарында, қалалық және облыстық партия комитеттерінің пленумдарында талқыланауда.

Партия ұйымдары жарысқа күнбе-күн нақтылы басшылық етіп, еңбекшілердің

творчестволық инициативасын қолдап, күшейтіп отырған жерде, алынған міндеттемелердің ойдағыдай орындалуына қажетті жағдай туғызып отырған жерде жарыстың неғұрлым жақсы нәтиже беретінін тәжірибе көрсетіп отыр.

Мәселен, Москваның шағын литражды автомобильдер зауытында, май айының аяқ шенінде өткізілген БК(б)П Москва комитетінің пленумында көрсетілгендей, партия ұйымының бастауымен, жасап шығарылатын машиналардың сапасын жақсарту қозғалысы кеңінен өрістетілді. Партия ұйымы партиялық-ұйымдық және бұқаралық-саяси жұмысты осы міндетке бағындырды. Бұл зауытта мінсіз сапалы өнім шығару жарысына жұмысшылар мен мамандар тегіс қатыстырылды. Цех партия ұйымдары мен партия топтары жарыс озаттарының тәжірибесін шеберлікпен таратып, еңбек пен өндірісті ұйымдастырудағы кемшіліктерге қарсы, ысрапқорлыққа және ұқынсыздыққа қарсы күнбе-күн күрес жүргізеді, әрбір бракка дереу көңіл бөліп, оны болдырмауға тыңғылықты шаралар қолданады. Зауыт жоспарды барлық жағынан үнемі орындай отырып, жарысушы коллективтердің алдыңғы қатарында келеді.

Амал қанша, кейбір партия, шаруашылық және кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысқа әлі де жеткілікті нақты басшылық етпейді, артта қалған кәсіпорындар мен учасоктерді алға бастырып, озаттардың қатарына жеткізуге тиісті шаралар қолданбайды.

Мәселен, Свердловскінің партия активінің жыйналысында қаланың өнеркәсібі

май айында өнімді жоспарда белгіленген мөлшерден аз шығарғаны көрсетілді. Бұл факті Свердловск қалалық партия комитетінің кәсіпорындар коллективтерін өздерінің жарыста алған міндеттемелерін орындауға ойдағыдай жұмылдырмайтынын, шаруашылық кадрларын мемлекеттік тәртіпті бұлжытпай орындау рухында тәрбиелеу жұмысын нашар жүргізетінін, бірсыпыра зауыттың артта қалуына тәзіп отыра беретінін көрсетеді.

Бірсыпыра ауылшаруашылық аудандарында да социалистік жарысқа басшылық ету ісінде ірі-ірі кемшіліктер бар. Мәселен, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің, Адыгей және Қырым облыстық партия комитеттерінің пленумдарында осындай кемшіліктер туралы айтылды. Пленумдарға қатысушылар жарысты ұйымдастыру мәселелеріне, озат тәжірибені тарату ісіне тиісті көңіл бөлмей, артта қалған аудандарға, колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға жедел көмек көрсетпей отырғаны үшін партия комитеттерінің қызметкерлерін орынды сынады.

Кейбір өнеркәсіп, транспорт орындарында, ауыл шаруашылығында жарысты ұйымдастырудағы бюрократтық бұрмалаушылық әлі күнге жойылмай келеді. Мемлекет және колхоз мүлкін жеке жұмысшылар мен колхозшыларға, еңбекшілер коллективтеріне «социалистік сақтау» үшін беру дейтін теріс практика, темір жолдарда «қоғамдық тексерушілер» белгілеу, «өзара бақылау» дегенді сылтауратып, зауыттар мен фабрикаларда өнім сапасын техникалық бақылауды нашарлату осындай ойдан шығарылған пайдасыз істердің қатарына қосылады. Партия ұйымдары еңбекшілердің назарын социалистік жарыстың басты-басты міндеттерінен басқа жаққа аударатын, қаби-

нетте отырып, ойдан ш және басқа осындай жақарсы батыл күрес жү

1952 жылдың мемлекет мерзімінен бұрын оры өнеркәсіп, транспорт, ауыл шаруашылығы алған социалистік міндет асыру жолындағы күресіңі басталды. Барлық еңкестік жарысқа тегіс қала алған міндеттемелерін одауға жұмылдыру — парның шұғыл міндеті. І жұмысты мұнан да кең жарыс нәтижелерінің жаілім болуын және өзара қамтамасыз ету керек, большевикше таратып, бчестволық инициативасымыстағы кемшіліктерді абатыл күшейту керек.

Миллиондардың социалбіздің құрылысымыздыңсі. Патриоттық сезімменвет адамдары өздерінің білімін Отанымыздың құнығыайту, халық шаруашпарларын орындау жо. Қала мен деревняның саеңбекшілері жарысқа қозор және жауапты міндеСовет адамдарының уәдесЖарыста міндеттеме алғабул міндеттемелерді орынуйнгерше күресуде.

Бүкілхалықтық социалкеңінен өрістету, алғанүлгілі орындау, коммуниұлы ісіне қызмет етеді.

(«Правданың» 9 июльсынан).

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілме